

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы, Салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы Келісім

Келісім Москва қаласы 1998 жылғы 6 шілде. 1998 жылғы 6 шілдеде күшіне енді.

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, өз мемлекеттерінің ұлттық заңдары мен халықаралық міндеттемелерін басшылыққа ала отырып, салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және оның жолын кесуге, өз мемлекеттерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты тапсырмаларды тиімді шешудегі өзара мүдделілікті негізге ала отырып, осы мақсаттарда барлық құқықтық және басқа да мүмкіндіктерді пайдалануға зор маңыз бере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің тақырыбы

1. Тараптардың құзыретті органдарының салық заңдарын бұзушылықпен пәрменді күрес жүргізуді ұйымдастыру мақсатындағы ынтымақтастығы - осы Келісімнің тақырыбы болып табылады.

2. Осы Келісім, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын, азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне әсерін тигізбейді.

2-бап

Терминдер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:
а) "құзыретті орган":

Қазақстан Тарабы үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитетін;

Ресей Тарабы үшін - Ресей Федерациясының Салық полициясы федеральдық қызметін білдіреді.

Құзыретті органдардың ресми атауы өзгерген жағдайда, Тараптар ол туралы бір-біріне тез арада хабарлайды.

б) "салық заңдарын бұзушылық" - Тараптардың құзыретті органдарына күрес жүргізу жүктелген салық заңдары саласындағы қылмыстар мен немесе құқық бұзушылықтар.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықтың мынадай нысандарын пайдаланады: заңды және жеке тұлғалардың салық заңдарын бұзуы туралы ақпаратпен алмасу;

салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған іс-шараларды өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;

заңды және жеке тұлғаларға салық салуға байланысты құжаттардың расталған көшірмесін тиімді түрде ұсыну;

ұлттық салық жүйелері туралы, салық заңдарының өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпаратпен, сондай-ақ салық заңдарын бұзушылықпен күресті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен алмасу;

салық заңдарын бұзушылықпен күресте пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі тәжірибе алмасу;

жұмыс топтарын құру, өкілдер алмасу мен кадрлар оқытуды қоса алғанда, ынтымақтастық кезінде туындайтын мәселелер жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

салық заңдарын бұзушылықпен күрес проблемалары жөнінде ғылыми практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу.

Тараптардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңдары мен халықаралық міндеттемелерін басшылыққа ала отырып, осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

4-бап

Салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу

1. Салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу мынадай мәселелер бойынша :

салық заңдарын бұзушылар қолданатын тәсілдерді көрсете отырып, заңды және жеке тұлғалардың салық салудан табыстарын жасыруы;

заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік және коммерциялық банктерде шоттарын ашуы, сондай-ақ егер оларда салық салудан жасырған сомалар бар деуге негіздер болса, осы шоттар бойынша қаражаттардың айналымы;

салық заңдарын бұзған заңды және жеке тұлғалардан салық салынатын базасының мөлшері мен өндіріп алынатын сомаларды белгілеу, сондай-ақ салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге байланысты өзге де мәселелер бойынша жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында айтылған ақпарат бір Тараптың құзыретті органына екінші Тараптың құзыретті органының сұрау салуы негізінде, ақпарат беру сұрау салынып отырған Тараптың ұлттық заңдары мен мемлекеттік мүдделеріне қайшы келмейтін жағдайда ұсынылады.

Егер Тараптардың бірінің құзыретті органы өзінде бар ақпарат екінші Тараптың құзыретті органы үшін қызығушылық туғызады деп санаса, ол бұл ақпаратты жеке өз бастамасы бойынша ұсынуы мүмкін.

5-бап

Іс-шаралар өткізу

Салық заңдарын бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі іс-шаралар өткізу кезіндегі мұндай заңды бұзушылықтар жасаған немесе оған күдікті адамдарға қатысты Тараптардың құзыретті органдарының өзара іс-қимыл күш пен қаражатты бірлесіп жоспарлауды, пайдалануды, осы іс-шаралардың барысы және өткізу нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтиды.

6-бап

Құжаттардың көшірмелерін ұсыну

Тараптардың құзыретті органдары сұрау салу бойынша заңды және жеке тұлғаларға салық салуға қатысты құжаттардың көшірмелерін (шоттар, фактуралар, жүк құжаттары, шарттар, келісім-шарттар, сертификаттар, анықтамалар және басқалары, сондай-ақ салық заңдарының бұзылуына), қатысы бар мәселелер бойынша құжаттарды бір-біріне ұсынады.

Көшірмелер уәкілетті адамның қолымен және сұрау салушы құзыретті органның мөрімен расталады.

7-бап

Құқықтық сипаттағы материалдар алмасу

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдары саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі қылмыстарды тергеуді жүргізу мен іс жүргізудің ұлттық салық жүйелері, құқықтық негіздері туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады,

жаңа нормативтік-құқықтық актілер қабылданғаннан соң немесе қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгеннен кейін бір айдан кешіктірместен салық заңдарындағы өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

8-бап

Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарын бұзумен күресті ұйымдастыру кезінде ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуіне қатысты мәселелер бойынша тәжірибе, әдістемелік және ғылыми материалдар алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Кадрлар даярлауда тәжірибе алмасу және көмек көрсету

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресті көкейкесті мәселелері бойынша өздерінің оқу орындарының негізінде кадрларды оқыту мен қайта даярлауда, бірлескен ғылыми зерттеулерді, ғылыми-практикалық конференцияларды және семинарлар өткізуде ынтымақтасады, сондай-ақ с а п а р ш ы л а р м е н а л м а с а д ы .

Осы ынтымақтастықтың нақтылы нысандарын жүзеге асыру және атап айтқанда, оны қаржыландыру Тараптардың құзыретті органдары арасында жасалатын тиісті келісімдерге сәйкес айқындалады.

10-бап

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға деген сұрау салу жазбаша нысанда немесе мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып берілуі керек.

Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда телефон байланысы арқылы берілген ауызша сұрау салу қабылдануы мүмкін, алайда ол тез арада жазбаша нысанда расталуы т и і с .

Мәтінді беруге техникалық құралдарды пайдаланған кезде, сондай-ақ алынған сұрау салудың растығына немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда сұрау салынған құзыретті орган жазбаша нысанда растауды өтініп сұрау сала алады.

2. Ақпаратты алуға деген сұрау салудың мазмұнында:

сұрау салушы құзыретті органның атауы;

сұрау салынатын құзыретті органның атауы;

сұрау салудың қысқаша мазмұны және оның негіздемесі;

оның орындалуы үшін қажетті басқа да мәліметтер болуға тиіс.

Қылмыстық істер бойынша ақпарат алуға деген сұрау салуда бұдан басқа:

іс жүзіндегі жағдайлардың қысқаша сипаттамасы;
сұрау салушы тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес қылмысты саралау;
келтірілген зиянның мөлшері көрсетіледі.

11-бап

Сұрау салудың орындалуы

1. Сұрау салу орындалуға кідіріссіз қабылданады. Сұрау салынған құзыретті орган анықтау тәртібімен, егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажетті болса, қосымша ақпаратты сұрай алады.

2. Салынған сұрауды орындау мүмкін болмаған жағдайда сұрау салынған құзыретті орган бұл туралы сұрау салушы құзыретті органға дереу хабар береді.

Егер бұл мемлекеттің салынған құзыретті орган мемлекетінің заңдарына қайшы келсе сұрау орындаудан бас тартылады.

Сұрау салуды орындаудан бас тарту себептері туралы сұрау салушы құзыретті орган хабардар етіледі.

12-бап

Сұрау салуды орындау кезіндегі өзара іс-қимыл

Сұрау салынған құзыретті орган сұрау салушы құзыретті органның уәкілетті өкілдеріне, егер бұл оның мемлекетінің заңдарына қайшы келмесе, өз мемлекетінің аумағында сұрау салудың орындалуына қатысуға рұқсат етуі мүмкін.

13-бап

Тілдер

Ақпаратты алуға деген сұрау салу және оған берілетін жауап орыс тілінде әзірленеді.

Сұрау салу басқа тілде орындалған жағдайда оған расталған орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі.

14-бап

Ақпаратты пайдалану

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарының бұзылуының алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге байланысты мәселелер бойынша ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді.

Осы Келісімнің шеңберінде алынған ақпарат осы ақпаратты берген құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

15-бап

Шығындар

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің мемлекеттерінің аумағында осы Келісімді орындауға байланысты шығындарды көтереді. Қосымша шығындарды талап ететін сұрау салу алынған жағдайда оларды қаржыландыру туралы мәселені өзара уағдаластық бойынша Тараптардың құзыретті органдары қарайды.

Жоспарланған кездесулер кезінде, егер басқа жазбаша уағдаластық болмаса, қабылдаушы құзыретті орган өзінің мемлекеті аумағында басқа құзыретті органның делегациясын қабылдауды қамтамасыз етеді және соған байланысты барлық шығындарды төлейді, ал жіберуші құзыретті орган жолақы төлемі бойынша шығындарды өтейді.

Кезектен тыс кездесулер өткізген жағдайда олардың бастамашысы болып табылатын құзыретті орган барлық шығындарды өтейді.

16-бап

Келісімді жүзеге асыру жөніндегі одан арғы іс-шаралар

Тараптардың құзыретті органдарының өкілдері осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша қажет болған жағдайда консультациялар өткізеді.

17-бап

Келісімнің күшіне енуі және қолданысын тоқтату

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша мәлімдемесін дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданыста болады.

Мәскеу қаласында 1998 жылғы 6 шілдеде екі дана болып, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды және екі мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде пікір алшақтығы туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

(Қолдары)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.